



Ақмешіт

19 тамыз
сенбі

№65 (1972)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Апта басында облыстық
мәслихаттың төрағасы Наурызбай
Байқадамов пен облыс әкімі
аппаратының басшысы Шахмардан
Байманов және қала әкімі Асылбек
Шәменов өңірлік коммуникациялар
қызметінің ақпарат алаңында баспасөз
конференциясын өткізді. Брифингте
өңірде атқарылып жатқан жұмыстар
мен баянды бастамалар және алдағы
күндері облыстың 85 жылдық
мерейтойы қарсаңында өтетін іс
шаралар сөз болды.

КӨРЕТІН КӨЗ БОЛСА, АТҚАРЫЛҒАН ІС АЗ ЕМЕС



– Өңірде әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму оңтайлы шешілуде. Бұл мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмаларының аясында жүзеге асуда. Сондай-ақ өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің құндылығын ұғындырып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеу үшін Сыр елінің қойнауына бүккен қазына-жауһарларына ерекше мән беріп, халық арасында насихаттау. Осы тұрғыда тамыз айының аяғы мен қыркүйек және қазан айларын мерейлі әрі саяси оқиғаларға толы екенін ескере отырып, сіздер арқылы барша облыс халқына үндеу тастау. Отанға деген сүйіспеншілік – жиындарда ұран тастау немесе ән шырқау емес. Отаншылдық бұл – шынайы патриоттық сезім. Яғни отбасыңды бағалау, тұратын үйінді, ауланды, қаланды таза ұстау, қоғамдық орындарды бұлдірмеу, ұқыпты болу. Егер де азаматтарымыздың барлығында жауапкершілік болатын болса ісіміз алға баспақ. Тамырын тереңнен тартып, руханиятымен тау тұрғызған Сыр жұртшылығы жарқын болашақ жолына тура таңдау жасап, ауызбіршіліктің үлгісін көрсететіндігіне сенемін. Алдағы қоғамдық-маңызды шаралар азаматтардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыруға, тұрақтылықты, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етеді. Облыс әкімінің бастамасымен аймақтағы 7 ауданда музей, кітапхана, мұрағат, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары сынды бірқатар тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін «Руханият» орталықтары салынады, – деді облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Сейтқалиұлы.

2 БЕТТЕ

3 БЕТТЕ

■ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

НЕГІЗГІ БАҒЫТТЫҢ БІРІ –

БАҒАНЫ ТЕЖЕУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметтің кеңейтілген отырысында орта мерзімді кезеңде жыл сайынғы экономикалық өсімді 6% деңгейінде қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Ел үкіметі бұл тапсырманы қалай орындауда? Қазіргідей алмағайып кезеңде экономикада өсімді қамтамасыз ету мүмкін бе? Оның үстіне баға да бұғауға көнбей тұр.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ ҚАЛАЙ?

Осы аптаның сейсенбісінде Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен үкімет отырысы өтіп, онда еліміздің әлеуметтік-экономикалық

даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылуы және өңірлердің жана оқу жылына дайындығы қаралды. Үкімет отырысында Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, ҚР Ұлттық банкі төрағасының орынбасары Виталий

Тутушкин, оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев баяндама жасады.

Алқалы жиында ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров ел экономикасында өсім барын жеткізді. Министрдің сөзінше, нақты сектор 4,6%-

ға, ал қызмет көрсету саласы 4,7%-ға жеткен. Негізгі салалардың барлығында оң динамика байқалады. Өсіресе құрылыс, сауда, сондай-ақ ақпарат және байланыс салалары ең жоғары өсімді көрсеткен.

■ КӘСІП

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕНДЕР

Қазір кәсіпкерлік саласы жылдан-жылға дамып келеді. Мемлекеттік қолдаудың көмегімен әркім өзіне қолайлы кәсіппен айналысуға мүмкіндік бар. Ол үшін ізденіп адамдардың сұранысына қарай бейімделіп, кәсіп қылсаң болғаны.

Қала тұрғыны Айбархан Тойманов

2015 жылдан бері жеке кәсіппен айналысып келеді.

Осы уақыт арасында ол тұрақты және табысты бизнестің негізін қалауға қол жеткізді.

Бүгінде кәсіпкердің металл бұйым жасайтын өндірістік цехі бар.

– Тауар түрін кеңейту, нарықта бәсекелестерден ат оздыру мақсатында мемлекеттің қолдауына жүгіндім. Ол үшін «Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында «Қазақстан халық банкінен» жеңіл несие алдым. Қаражат металл кесетін талшықты-оптикалық лазер станок сатып алуға жұмсалды. Облыс тұрғындары үшін металл профильді есіктер, тент, қалқа, торлы дәнекерленген қоршау сияқты сан алуан тауар шығаруға мүмкіндігіміз бар.

Қазір цехта 15 адам жұмыс істейді. Өнімге сұраныс күн санап артып келеді, тек жеке адамдар ғана емес, түрлі кәсіпорын мен мекемелер де тапсырыс береді. Тіпті алыс ауылдардан арнайы келіп цехтың қызметіне жүгінетіндер бар, – дейді кейіпкеріміз.

Дәнекерлеу цехының бір артықшылығы – заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған болса, екінші ерекшелігі – өндірген өнімдері нарықтан төмен бағада. Кәсіпкер тауар бағасын халыққа қолжетімді етуге тырысады.

– Мамандығым дәнекерлеуші. Осы салада 10 жылдан астам жұмыс істеп келемін. Металды лазермен кесуді қолдану металл өндірудің ең жоғары технологиясы және заманауи әдісі деуге болады. Қазір металл бұйымна сұраныс өте жоғары. Көптеген тұтынушы сәнді металл қақпаларға, өрнектелген әткеншектерге тапсырыс береді. Айына 20-25 қақпаға дейін шығарамыз, – дейді кәсіпорын дәнекерлеушісі Айбархан Тойманов.

Шынында, цех алаңында жұмыс қызып жатыр. Ыстық күнде темір дәнекерлеу оңай емес. Бірақ азынан кешке дейін бұл жерде жұмыс толастамайтын көрдік. Темірден түйін түйген жігіттер тапсырысты мезгілінде орындау үшін бел жазбай еңбек етуде. Ел қажетін өтеп жатқан алтын қолды жігіттерге риза болдық. Олар тауып жатқан табыстарына да риза. «Адал еңбек еткенге бақыт басын иеді» деген осы.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

«Қайсар» футбол командасы туралы жанкүйер пікірі әрқилы. Бірі «қасқырлардың» тұрақсыз нәтижесіне сын айта, енді бірі соңғы уақыттағы жетістігін мақтайды. Биылғы көрсеткіш пен ойыншылардың аяқ алысы да сан сауал туындатқаны анық. Осыған орай жуырда «Қайсар» футбол клубының басшысы Садық Мұстафамен жолығып, клуб жұмысы туралы ой бөлісудің сәті түсті.



Садық МҰСТАФА,
«Қайсар» футбол клубының басшысы:

«Аз жалақыға жақсы ойыншыны ұстап қалу қиын»

– Садық Шонұрыұлы, сыр-бойылықтар «Қайсардың» әрбір ойынның жігі бақылайды. Қазір қызу сайыс маусымы екені белгілі. ҚПЛ-дағы көрсеткіш көңіл көншіте ме? Команданың бүгінгі бабы қай деңгейде?

– «Қайсар» ФК басшылығына келгенді жүйелі жоспар түзілген еді. Алғашқы команданы бірінші лигадан жоғары лигаға шығару. Ол мақсат орындалғанна куә болды. Ендігі меже ойын сапасын жақсарту, құрама дайындығын жетілдіруге бағытталатын болады. Биылғы турнир кестесіне көз салсақ, бірінші лигадан шыққан командалар арасында алдыңғы орында келеді. Әрине, қателік жок емес. «Көш жүре түзеледі» кемшілік ретімен шешім табарына сенім мол.

– Сәтті нәтиже көрсетіп жүрген қай ойыншыны баса айтар едіңіз? Ойыншылар құрамын жаңарту қалай жүреді?

– Әрбір ойыншы маңызды, әрбір кездесу жауапкершілік жүктейді. Сондықтан «мынау – әлсіз, мынау – осал» деп бөліп-жару орынсыз болар.

Соңғы 3-4 ойында тынысы ашылып, жаңа қырынан көрінген ойыншыларды ғана атайын. Олардың қатарында Өркен Махан, Дмитрий Бородин секілді азаматтар бар.

Команда құрамын жаңартуға келер болсақ бұл – күрделі де шығыны мол процесс. Оған қоса клубтың қарызы жана ойыншы алуға мүмкіндік берер емес. Жуырда бірнеше ойыншыны алуға талаптанған едік. Алайда «Бан» салдарынан ойымыздан қайттық. Қол-аяқты байлайтын келенсіздік – қарыз бен бюджет аздығы. Лайықты жалақыны қамтамасыз ете алмағандықтан мүмкіндіктен айырылып жатырмыз. Бәсекеге ілесу, ойын нәтижесінде де әсер ететін бірден-бір фактор – осы.

Мысалы, «Астана» футбол командасының ойыншысы Марин Томасов айына 38 млн теңге жалақы алады. Ал біздің бүгін команданың бір айлық жалақысы 36 млн теңгеге жуық. Айырманы байқалды ба? Өйткені оларға бөлінетін бюджет қомақты. Ал қаржы болған жерде мүмкіндік жоғары.

4 БЕТТЕ

НЕГІЗГІ БАҒЫТТЫҢ БІРІ – БАҒАНЫ ТЕЖЕУ

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 12,4%-ды құрады. Инвестициялар ағыны көлік және қоймалауда – 58%, білім беру – 24,3%, саудада – 22,6%, ауыл шаруашылығында – 21,3%, өнеркәсіпте – 9%, оның ішінде тау-кен өнеркәсібінде 8,4% пайызға өсті.

Тағы бір айта кететін жәйт, сыртқы сауда айналымы да өскен. Нақтырақ айтсақ, қаңтар-маусым айларында сыртқы сауда айналымы 4,3%-ға өсіп, 67,2 млрд долларды құрады. Экспорт 38 млрд долларға, оның ішінде өңделген тауарлар экспорты 12,1 млрд долларға жеткен. Тауар импорты 29,3 млрд долларға жеткен.

Премьер-министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев мемлекеттік бюджетке 10,4 трлн тенге кіріс түскенін мәлім етті. Бас қаржыгердің баяндауына, республика бюджеті 6,8 трлн тенгеге, жергілікті бюджет 3,5 трлн тенгеге толыққан.

Үкімет басшысы 7 айдың қорытындысы бойынша ел экономикасы дамуының оң динамикасына нақты сектор айтарлықтай үлес қосқанын атап өтті. Мәселен, өңдеу өнеркәсібінде өсім – 3%-ды, азық-түлік өндірісінде – 4,5%-ды, сусындар өндірісінде 6,4%-ды құрады. Жеңіл өнеркәсіп 21%-ға өсті. Сонымен қатар пластмасса және дайын металл бұйымдарының өндірісі – 8%-ға, химия өнеркәсібі 4,1%-ға артты. Машина жасау саласы 29%-ға өсті. Оған автомобиль жасауда – 43%, электр жабдығы өндірісінде – шамамен 34,5%, локомотивтер мен вагондар жасауда 30% өсім есебінен қол жеткізілді. Жиһаз өндірісі де артқан. Құрылыс саласы 12% тұрақты өсім көрсетіп, 8,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

– Жауапты мемлекеттік органдар мен өңір әкімдіктері негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша жұмыстарды күшейтуге тиіс, – деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы экономиканы әртарапандыру шараларын күшейту қажеттігін қаперге салды.

– Экономиканың өсуін ынталандыру үшін жүйелі түрде пәрменді шаралар қабылдау қажет. Экономиканы әртарапандыру, өзіміздің отандық өндірісті одан әрі дамыту, инвестицияларды арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру шараларын күшейту керек, – деді Премьер-министр.

Оның айтуынша, бағаның өсуін тежеу де Үкіметтің басым бағыты болып қала береді. «Бұл ретте біздің алдымызда жыл соңына дейін инфляция деңгейін өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге төмендету міндеті тұр. Инфляцияға негізгі үлесті азық-түлік өнімдері жалғастырып отырғанын ескере келіп, алдын алу шараларын уақытылы қабылдау қажет. Бұл үшін барлық қажетті мүмкіндік бар. Бұл инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенінде көрсетілген», – деді Үкімет басшысы.

Оқу жылына дайындық жайы пысықталды

Үкімет отырысында білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы да сараланды. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев 1 қыркүйектен бастап 7,7 мың білім беру ұйымында 3,9 млн бала білім алатынын, олардың 364 мыңы бірінші сыныпқа баратынын баяндады. Республика Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында 1,4 млн бастауыш сынып оқушысы тегін тамақпен қамтамасыз етілетінін хабарлады.

Басы 1-бетте

Министрдің сөзіне сенсек, бірінші қыркүйекке қарай республикада 65,6 мың балаға арналған 52 жаңа мектеп, ал жыл соңына дейін 66,4 мың балаға арналған тағы 102 мектеп пайдалануға беріледі екен. Бұл 12 апаттық және 29 үш ауысыммен оқытатын мектеп мәселесін шешеді. Бұған қоса жайлы орта құру мақсатында 260 мектеп жөндеуден өтуде.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 3103 мектеп ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына қосылған, 2075 мектеп лицензияланған күзет агенттіктерінің қызметтерімен қамтылған, сонымен қатар 3327 мектепте дабыл түймелері орнатылған. Аталған бағыттардағы жұмыстар әлі де жалғасын тауып жатыр.



Үкімет отырысында ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев та білім беру нысандарындағы қауіпсіздік туралы баяндама жасады.

Өңірлердегі жаңа оқу жылына дайындық туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров, Атырау облысының әкімі Серік Шөкенов, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды аймақтарындағы салаға қатысты жағдайларды баяндады.

ҚР Премьер-министрі Ә.Смайыловтың төрағалығымен Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Министрлер мен өңір әкімдері білім беру нысандарын жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстарын баяндады.

Сыр мектептері оқу жылына дайын ба?

Тақырыпқа орайластырып, Қызылордадағы білім ошақтарының жаңа оқу жылына қаншалықты дайын екенін сөз еткенді жөн көрді. Осында оншақты күн бұрын Премьер-министр Ә.Смайыловтың төрағалығымен Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысы өткен болатын. Республикалық штаб отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын іске асыру

жөнінде мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

– Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жыл сайын мектептерді заманауи стандарттар бойынша жаңғырту мәселесі күн тәртібіне қойылған. Облыста өткен жылы 47 мектеп жаңғыртылды. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 1564 млн тенге қаржы бөлініп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Биыл да 47 мектепті жаңғыртудан өткізуге бекітілген бюджеттен 529,5 млн тенге бөлінді. Барлық жұмыстар жаңа оқу жылына дейін толық аяқталуы керек. Жаңа оқу жылы жоспарлы түрде, еш кедергісіз басталуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, Арал ауданында 7, Қазалыда

7, Қармақшыда 6, Жалағашта 6, Сырдарияда 6, Шиезде 6, Жанакорғанда 9 мектеп жаңғыртылды. Биылға жоспарланған 47 мектепке ағымдағы жөндеу жүргізу, 24 мектепке пәнді кабинет, көркем әдебиеттер алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.

Жиында мектептерге қажетті құрал-жабдықтар мен техникалар сатып алу мәселесі қаралды. Мемлекет басшысының 7000 заманауи робототехника, химия, биология, физика, STEM кабинеттерін ашу жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2021 жылы 56, бытыр 63 кабинет алынды. Қазір 46 кабинет бойынша жөніпаздар анықталып, қажетті құрал-жабдықтар жеткізіліп орнатылуда.

Білім беру ұйымдарын қауіпсіздік құралдарымен жабдықтау талабына сай барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйесімен 100% қамтылды. Қала, аудан орталықтарындағы білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйелері жедел басқару орталығына және полицияның кезекші бөлімдеріне қосылған.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық білім басқармасына мектептерді жаңғырту жұмыстарына жаңа оқу жылына дейін толық аяқтап, пайдалануға берілетін мектептердің ашылуын жоғары деңгейде ұйымдастыру тапсырылды. Облыстық полиция департаментімен бірлесіп барлық білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктелді.

ӘЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Маусым айынан бастап демеушілердің қолдауымен облыс орталығындағы 28 үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталуда. Бұл жұмыстар жергілікті демеушілердің, атап айтқанда, қала құрылысшылары мен кәсіпкерлерінің қолдауымен жүргізілуде. Кәсіпкерлердің бұл игілікті қадамын туған жерге тарту жасаудан туындаған.

Жаңарған үйлер – қала көркі



Соңғы үлгідегі, сапалы материалдармен қапталған тұрғын үйлердің қасбеті шаһардың сәулеттік келбетіне жарасымды әрі суық пен ыстыққа төзімді.

Бүгінде жалпы 10 үйдің, атап айтқанда, Абай даңғылындағы №41, 43, 44, 46, 54 үй, Панфилов көшесіндегі №26 үй, Мұратбаев көшесіндегі №17 үй, Желтоқсан көшесіндегі №34 үй, Сырдария шағын ауданындағы №1 және №2 тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін әрлеу жұмыстары аяқталған.

Биыл Тасбөгет кентінде бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асуда. Соның бірі – жаңадан салынатын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы. Оған облыстық бюджеттен 542,1 млн тенге бөлініп, қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек, биыл кенттегі 41 көшені жөндеуге облыс және қала бюджеттерінен 833,7 млн тенге қаржы қаралып, мақсатты жұмыстар атқарылуда.

Тасбөгетті түлеткен жобалар



Кентте жолдарды жаңартумен қатар, жарықтандыру жұмыстары да қолға алынған. Биылғы жылы жалпы құны 178 млн тенге болатын 6 көшені жарықтандыруға облыстық бюджеттен тиісті қаражат бөлінді. 3,5 млн тенгеге «Еңбек» және «Өркендеу» саяжайларының негізгі 3 көшесіне жарық бағаналары орнатылды. «Шауқаман бағы» да абаттандырылып, халыққа қолайлы жағдай жасалынады.

Биылдың өзінде инвесторлар есебінен 4 млрд теңгеден астам қаржыға кент орталығынан 5 қабатты 338 пәтерлі 4 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, шағын маркеті, моншасы, көлік жүру орталығы, дәріхана және шаштаразы бар сауда кешені салынып, қызмет көрсетуде. 200,0 млн тенгеге «Құддыс Ишан» мешітінің жаңа ғимараты бой көтеруде. Ал 100,0 млн тенгеге саябақ жанынан биометриялық зертхана салынады. Тағы бір жоба, «АЭС and Limited» ЖШС-нің демеушілігімен 100 млн тенгеге Сабалақ саяжайына табиғи газ желісін тарту жұмыстарының жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Сабалақ елді мекеніндегі ауызсу мәселесі де толық шешілген.

Кент пен саяжайға аяқсу жұру үшін 12 аумаққа аяқсу насосы қойылып, бүгінде үздіксіз жұмыс атқаруда.

«Ақмешіт-ақпарат»

СЕССИЯ: Ел игілігіне қызмет ететін жобалар жүзеге асуда

Апта басында қалалық мәслихаттың кезектен тыс VI сессиясы өтті. Сессияға дейінгі тұрақты комиссияда күн тәртібіндегі мәселелер талқыланды.

Комиссияда қала бюджетіне енгізілетін өзгерістер жайын қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова хабарлады. Хабарламашы қала бюджетіндегі кірістер мен шығыстар жайын баяндап, қай салаға қаржы қаралғанын тізбектеп айтты. Хабарламада айтылғандай, халық игілігіне қызмет ететін жобалар жүзеге асып, нәтижесін беруі үшін тиісті көлемде қаржы қаралуда. Оның ішінде қаланың инфрақұрылымы, ауылдарды газдандыру, қала көшелерін абаттандыру жұмыстарына қаржы қаралуда. Хабарламашы қала бюджетінің жайын баяндағанда елең еткізер жаңалықтарды да айтты. Мәселен, көптен бері айтылып жүрген көпбалалы аналардың қоғамдық көлікте тегін жүруі шешімін таппақ. Атап айтқанда, «Алтын алқа», «Күміс алқа» ордендерімен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар және бірінші топтағы мүгедектері бар адамдардың I қыркүйектен бастап тегін жүруіне қаржы бөлінуде.

Хабарламашы атап айтқандай, қалада атауды әлеуметтік көмек алатындар саны артқан. Қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова қалада тоқсан сайын кедейшілік шегі өсіп, әлеуметтік көмек алушылар саны мен төлем



көлемінің өсуіне байланысты қосымша қаржы қажеттігін атап өтті. Халық қалаулылары қаржы бөлуі қолдағанымен, көмекке мұқтаждардың санының артуы ойланарлық жағдай. Сондай-ақ мүгедектері бар адам санының артуы да өзекті мәселенің бірі. Қаражаттың қайда бағытталатынын баяндаған экономистің ақпаратынан қала тіршілігіндегі өзекті мәселелерді аңғаруға болады. Соның бірі – «Қызылорда автобус паркінің» қала бюджетіне салмақ салуы. Хабарламашы атап айтқандай, «Қызылорда Автобус паркі» ЖШС

«Еуропалық қайта құру және даму» банкінің несиелік қарызын өтеуге 1 266 700 мың тенге қажеттігін айтты. Бұл мәселеге келгенде халық қалаулылары үндемей қалмады. Депутат Мейрамбек Есжанов автобус паркі құрылғалы бері жергілікті бюджеттен қаржы құйылып келе жатқанын, тіпті тарифі де көтерілгенін айта келіп, «қоғамдық көлік қызметі өзін-өзі неге ақтамайды?» деген мәселені көтерді. Қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Бұрханқызы автобус паркінің несиесі келісімшартқа сәйкес 2017 жылдан бері төленіп


келе жатқанын, несие төлеу мерзімі 2024 жылы аяқталатынын жеткізді. Сондай-ақ, ертеңгі күні лизингке алынатын автобустардың қаржысын төлеуге автобус паркінің шамасы келер ме екен деген күмәнді сұрақтар да болмай қалған жоқ.

Тұрақты комиссия отырысында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы Жәніс Файзуллаев қалаға қыста жылы, жауын-шашыннан қорған болар аялдама қажет деген ұсынысын жеткізді. Бөлім басшысының айтуынша, бір аялдама құны 9 млн теңгеден аса қаржы құрайды екен. Бұл ұсынысқа депутат

Дінмұхаммед Абызов «қалаға жылы аялдамадан гөрі, ыстықта сая болар аялдама қажет екенін айтты. «Біздің өңірде қыс ұзақ болмайтыны белгілі, сондықтан керісінше ыстықта салқын, жайлы болатын аялдамалар орнату керек. Сондай-ақ автобустардың жүру ұзақтығын бір жүзеге түсіру керек» деген ұсынысын білдірді. Аялдама жайын біраз талқылаған депутаттар бұл үшін арнайы есеп-қисабы жазылса деген ұсыныс айтты. Тұрақты комиссияда қаржы жайынан бөлек, депутат Айгүл Мұсабаева қаңғыбас иттердің көбейіп кеткеніне алаңдайтынын жеткізді. Балалар мектепке баратын күн де алыс емес екенін, олардың қауіпсіздігі үшін қаңғыбас иттерді азайту жайын бір ретке келтірсе деген ұсынысы да көкейкесті мәселенің бірі екені белгілі.

Тұрақты комиссия отырысынан кейін кезектен тыс сессия өтіп, оған қала әкімі Асылбек Шәменов қатысты. Сессияға дейін күн тәртібіндегі мәселелер әбден талқыланған соң, сессия жұмысы ұзаққа созылмады. Сессияда сөз алған қала әкімі Асылбек Шәменов қаламызда ірі жобалар жүзеге асып жатқанын, күзде Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл, Қызылорда қаласының 205 жылдығы кең көлемде аталып өтілетіндігін, мерекелік шаралар орталық алаңнан бастау алып, мазмұнды шаралармен жалғасатынын жеткізді. Бүгінде қалалықтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында ел игілігіне қызмет ететін жобалардың сапалы жүзеге асып жатқанын атап айтты.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА



КӨРЕТІН КӨЗ БОЛСА, АТҚАРЫЛҒАН ІС АЗ ЕМЕС



Осыдан бірнеше күн бұрын облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын егжей-тегжей мәлімдеген. Сондай-ақ аймақтың ірі құрылыс алаңына айналғанын, оның ішінде құрылыс жұмыстары көлемі – 54,9 пайызға, инвестицияларды тарту – 23,1 пайызға, сауда көлемі 3,2 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі – 2,1 пайызға және ауыл шаруашылығының жалпы өнімі – 1,8 пайызға артқанын жеткізді.

Ауылдық елді мекендерді қолдау бағытында «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» негізінде бірқатар жобалар қолға алынды. Олар «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Дипломмен ауылға» жобасы. Бұған бюджеттен 17 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Бұл қаржы елді мекендердің инженерлік-инфрақұрылымын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандар құрылысын салу мен жөндеу жұмыстарына, мамандарды әлеуметтік қолдауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 46 ауылдық елді мекендегі 216 жобаның жүзеге асуына 11,6 млрд теңге бөлінген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 5 бағыт анықталған. Олар – өңдеу, кооперативтерді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру.

«Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыруға 1 млрд 564 млн теңгеге 329 жоба қабылданды. Оған сенімді өкіл «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы екенін айта кетейік. Одан бөлек 616,9 млн теңгеге 92 жоба қабылданып, қалған 948 млн теңгені құрайтын 237 жоба қаралуда. Осы тұрғыда құжаттарды қабылдау шарттары ауыл тұрғындарының жағдайына қарай жеңілдетілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласында өткен ұлттық құрылтайда «Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен аулаңың таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Жұрттың бәрі өз үйінің жайлы әрі әдемі болғанын қалайды. Бұл – дұрыс. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға да дәл сондай жанашыр көзбен қарауға тиіс. Қазақстан – бірімізге ортақ, оның қандай болатыны тек бізге байланысты. Яғни біз іші де, сырты да бүгін ел болуымыз керек», – деген болатын.

Осыны ескерген басшылар қаланы абаттандыру, елді мекендерді дамыту, ауылдық жерлерде тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстарды ынталандыру, бағалау мақсатында алғаш рет «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсын бастаған. Яғни шілде айында конкурс нәтижесімен «Үздік ауыл», «Үздік аудан орталығы», «Қызылорда қаласының үздік шағын ауданы» анықталған.

Осы тұста ауладағы тазалық пен абаттандырудың үлгісін көрсеткен жеңімпазға «Үздік ауылдарға», «Үздік аудан орталықтарына» күнделікті ел тұрмысына қажетті деген заманауи үлгідегі техникалар табысталған. Ал қала орталығындағы шағын мөлтек аудандарды абаттандыру бағытында жасаған жұмыстарын бағалау мақсатында бюджеттен бөлінген қаржыға сквер, көше аулаларды жарықтандыру, балаларға арналған спорттық ойын алаңдары салынбақ. Көше аулалары жарықтандырылмақ.

Құзде «Үлгілі елді мекен» конкурсы қаланың шағын аудандары мен аудан орталықтары және ауылдар арасында қайта жалғасатын болады. Бүгінде қорқуына бюджеттен 523 млн теңге қаржы бөлініп қана қоймай дайындық жұмыстары да басталған. Бұл шараны ауыл-аймақтың ажарын айшықтап, келбетін көркем ету үшін жыл сайын дәстүрлі түрде өткізу жоспарланған.

Одан бөлек мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты II ұлттық құрылтайда «Мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеуіміз қажеттігін» атап өтті.

Соған сәйкес өткен аптада облыс әкімі бірнеше ауданға барып, киелі орындарға жағдаймен танысқан. Онда кәсіпкерлердің қолдауымен тарихта ізі қалған Сыр өңірінің қасиетті орындары – Қорқыт ата ескерткіш кешені мен Хорасан ата және Марал баба кесенелеріне қайта жаңғырту, айналасын абаттандыру жұмыстары басталмақ. Айта кетейік 2014 жылы Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата атындағы ескерткіш кешені толық реконструкциядан өтсе де, оны қайта жаңғырту жұмыстары жергілікті мердігер «СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі есебінен жүргізілмек.

Алматылық «АБМ ГРУП» компаниясының демеушілігімен быыл Сыр өңірінің қасиетті орындарының, кесене айналасын абаттандыру, жарықтандыру, қоршау мен қоғамдық музей салу жұмыстары басталған.

Облыстың мерейтойында мәдени-танымдық шара, салтанатты жиындардың қандай түрлері өтетінін облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов айтты.

Басы 1-бетте

– Сыр өңірінің 85 жылдық мерейтойына облыста көптеген игі шаралар ұйымдастырылады. Бұл Сыр маржанына орақ түсіп, қамба астыққа толып, шаруа адамы ілтипатқа бөленетін кезең. Дәстүрге айналған қала күнімен қатар келген облысымыздың айтулы мерейтойы ерекше болмақ. Мәселен, жыр кештері, кітап көрмелері, Қызылорда туралы ретро концерт, халықаралық фольклорлық музыкалық өнер фестивалі, республикалық ақындар айтысы, бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне арналған танымдық конференция ұйымдастырылады. Жоспар бойынша республикалық ғылыми-практикалық конференцияны өткізу арқылы аймақтың қоғамдық-саяси дамуы мен тарихи оқиғаларынан сыр шертіледі. Сонымен қоса облыстың 85 жылдығына орай «Қызылорда облысы: тарих, бүгін, болашақ» тақырыбында арнайы деректі фильм түсіру. Сондай-ақ кітап шығару және аймақтың көрікті жерлері бейнеленген «ФОТО КІТАП» әзірлеу жұмыстары да жүргізілуде. Жыл сайын өтетін «Алтын дән – 2023» мерекесінде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері, байге болып, бұл күн салтанатты шарамен қорытылды. 25 қазан – Республика күніне орай тақырыптық конференциялар мен салтанатты жиындар, 15 қараша – Ұлттық валюта теңгенің 30 жылдығына мерекелік шаралар ұйымдастырылады, – деді аппарат басшысы.

Бұдан бөлек облыс әкімі аудандарды аралап әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымын пысықтап қана қоймай, аймақтағы білім беру ошақтарының жаңа оқу жылына әзірлігі, күрделі жөндеуден өтіп жатқан білім мекемелерінің толық дайын болуы, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету мәселесін тиісті сала басшыларына жүктеді. Аталған өзекті мәселелер аймақ басшысының жіті бақылауында екенін жеткізді.

Быыл 195,9 мың гектарға егін егілген. Оның ішінде 89 мың гектарға күріш егілген. Қазір егістікті суармалы судан қалдырмау шараларын жауапты министрліктер мен шаруа қожалықтары бірлесіп жүргізуде. Бұған арнайы жұмыс тобы құрылып, шаруашылықтарға суды кезекпен беруде. Егістікке су жеткізу және қашықтағы суды екінші мәрте пайдалану үшін 351 насос құрылған.

Алдағы уақытта аймағымызда бірқатар шара өткізілуі жоспарланған. Ашып айтсақ, 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне орай «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасына сәйкес танымдық шаралар мен салтанатты жиын ұйымдастырылған. Ал Республикалық аналар форумына аймақтағы белді, жетістікке жеткен батыр аналарды қатыстыру қарастырылуда.

Білім күніне орай барлық білім беру мекемелерінде 1 қыркүйекте салтанатты жиындар өткізілсе, тілдер күні мерекесіне орай танымдық іс-шараларды 5 қыркүйекте өткізу жоспарланған. Мұнан соң халықаралық қарттар күніне орай ардагерлерімізді ардақтау мақсатында қазанның бірі күні мерекелік жиыннан бөлек басқа да игі шаралар жоспарлануда. Осыған сәйкес бүгінде іс-шаралар жоспары мен арнайы медиа-жоспар әзірленуде.

– Бүгінде қаламызға – 205 жыл. Қалыптасу тарихының әр кезеңі жеке-жеке баяндалып, зерделенетін, азат еліміздің думан байрағына, салтанат тұғырына айналған, өзгеріс ісімен өрнектелген толағай табысқа толы тәуелсіздік жылдарындағы Сыр өңірінің қарқынды дамуына шолу жасалатын қала күнін барша қызылордалықтар асыға күтетін мерекелердің біріне айналды. Қала күніне орай 20 тармақтан тұратын іс-шаралар бекітілді. Быыл қыркүйек айының 15 мен қазан айының 7-не дейін арнайы бекітілген жоспар бойынша шаһар тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлайтын түрлі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады. Бұл шара қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жастар қарнавалы» атты шеруі өткізіліп, республикалық жайдарманшылардың фестиваліне ұласады. Ал орталық алаңда қала күніне арналған мерекелік шаралардың салтанатты ашылуы болады. Одан бөлек облысқа қарасты 7 ауданда ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі, кешкі уақытта мерекелік концерттік бағдарламалар жоспарланған, – деді қала әкімі.

Аталған мерекелік шарадан бөлек қалада атқарылған бірқатар жобалардың жүзеге асып, облыс орталығында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы», құны 3,7 млрд теңге болатын 1000 орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілетінін жеткізді.

Сонымен қатар заманауи талаптарға сәйкес құны 975 млн теңгені құрайтын жаңа автовокзал салынуда. Ол жыл соңында пайдалануға берілімек.

Одан бөлек қалада «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп темір жол вокзалына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы атқарылған жұмыстардың жүйелі әрі уақытында жүзеге асуында демеушілердің еңбегі зор. Себебі жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар қайырымдылық шараларына белсенді атсалысып, Сыр елін көркейтуге өз үлестерін қосуда.

Нәзира МҰҚАТАЕВА
Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ



Халің қалай, Сыр велоспорты?

Велоспорт – бүкіл әлем қызығатын спорттың бірі. Велоспортшылар үшін әлемде көптеген сайыс бар. Спорттың бұл түрі тіпті олимпиадаға енген. Қазақстан бұл тұрғыда Винокуровтай мықтысымен мақтана алады.

BASSPORT дерегінше Қазақстанда 20 велоспорт мектебі бар. Спорт мектебінен суырылып шыққан спортшылар 2022 жылы Азия чемпионатында өз өнерлерін көрсетіп, туымызды биік тұғыздан көрсетті. Ал сол жылдың 20-23 қазан аралығында Францияның Сен-Кантен-ан-Ивелин қаласында паравелоспорттан әлем чемпионаты өтті. Қазақстандық пара спортшылар керемет нәтиже көрсетті.



«Велоспорттың жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Жақсы жағы денсаулыққа пайдалы, себебі қазір мопед электронды сомақат сынды көлік құралдары көбейіп жатыр. Оған қарағанда велосипед адам ағзасына бұлшық етіне пайдалы. Жаман жағы адам өміріне қауіпті десем қателеспесің. Кейбір велосипедшінің көлік жолында жүргенін байқағанмын. Көбі жүргінші жолдан велосипедті теуіп өте салады. Менің ойымша ол дұрыс емес. Адам барынша сақтық шарасын ұстанғаны дұрыс деп ойлаймын,» – деді қала тұрғыны Айпатша Әбуталипова.

Жалпы аймақта велоспорт мектебі 1961 жылдан бастап өркендеп келе жатыр. Ал 1964 жылдан бастап жастар спорт мектебі құрылды. Сыр велоспортшыларының жеткен жетістігі аз емес. 1984 жылы Канн қаласында Францияда жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында Сергей Капустин жеңімпаз атана, 1985 жылы Лейпциг қаласында Германияда өткен әлем чемпионатында Сергей Капустин күміс жүлдені қанжығасына байлады. Облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі Марат Сатыбалдиев та 1989 жылы Францияның Леон қаласында бағын сынап, ересектер арасындағы әлем чемпионы болды.

«Мен қаламызда велоспортшыларды жоқ деп ойламаймын. Себебі әр күн көлікпен жүрген кезде жейдесінде Қазақстанның туы бейнеленген спортшыларды көремің. Сондай әсерлі

шынықканын көріп, жаттығуларын бұзбайын деп көлігіммен айналып өтемін. Жалпы велосипед деген жақсы ғой. Ондай қымбат тұрмайды. Бензин сұрамайды тек аяғыңда сәл күш болса сол жетеді. Тек спортшылардың аңдасанда жолға келергі жасайтыны болмаса, өзін велоспортты қолдаймын».

дейді велоспорт маманы Ернар Уразаев. 2001 жылы қаламыздың туризм және спорт бөлімінің жанынан

велоспорттан балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ашылды. Атқарылған жұмыс аз емес. Тынымсыз жаттығулар нәтижесін берген.

«Спортшылардың жоғары нәтиже көрсеткенінің арқасында білім басқармасының қарамағындағы мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі құрылды. Қазіргі кезде де біздің бағындырған шыңдарымыз жоқ емес. 2022 жылы клуб спортшылары Аслан Силықбек, Алина Саркулова және Анжела Соловьева Азия чемпионатында 3 алтын медаль жеңіп алды. Ал 2023 жылы «Велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубының спортшылары Азия чемпионатында 2 күміс және Қазақстан республикасының чемпионатында 13 алтын, 13 күміс, 20 қола медаль еншіледі. Қазіргі таңда клубымызда 200 спортшы мен 6 жаттықтырушы жұмыс жасауда», – деді «Жетес» велоспорт директоры Жетес Сүлейменов.

Мамандардың айтуынша, велосипед айдаудың пайдасы көп. Велосипедпен серуен көңілділікті көтеріп, күні бойы сергек жүруіңізге көпінше болады. Ол ол ма, артық салмақты тастауға жақсы. Велосипед тебу жүрек-қан тамыр жүйесін жақсартады. Ал егер велоспорт күнделікті әдетіңізге айналса, жалпы денсаулығыңыз жақсы болады. Зерттеулер көрсеткендей, велосипедпен әуестенгендердің орта жасы басқалармен салыстырғанда 5 жасқа ұзақ екен.

Дос ТАБЫЛДЫ

Садық МҰСТАФА, «Қайсар» футбол клубының басшысы:

«Аз жалақыға жақсы ойыншыны ұстап қалу қиын»

– Қарыз деп қалдыңыз, «Қайсарға» мемлекет тарапынан жұл сайын миллиардтап қаржы бөлінеді. Өкініштісі, жылда қарыз мәселесі туындайды. Бұған не себеп?

– Бұл – басқарма тарапынан (Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы, -авт) бюджетті жоспарлау кезінде кететін қателік. Қарапайым жеткізсек, біздегі шығынның басым бөлігі жалақы мен салыққа кетеді. Басқарма тарапы бюджетті қорғайтын кезде ойыншыларға берілетін айлық жалақыны өте төмен мөлшерде белгілейді. Ал аз жалақыға жақсы ойыншыны ұстап қалу қиын. Ама жоқ, жалақыны көтереміз. Жаңа ойыншы алайық десек, оған 1-2 млн теңге айлық төлеу қажет. Шығынның пайда болуы мен барлық мәселе осында жатыр. Қазір қарыздарды жабуға жұмыс істеп жатырмыз. Жұырда нәтиже шығады деген сенімдемін.

– Жетістік бапкерге де байланысты. Клуб бапкерлерінің біліктілігін арттыру, олардың жаттығу әдістемесін жетілдіру бойынша недей жаңалық бар?

– Әрине, алдымен бапкер білікті болуы керек. Команда жеңісі мен жеңілісі – бапкер нәтижесі. Сондықтан бұл бағытқа жауапкершіліктен қараймыз. «Қайсар» командасының бас бапкері Виктор Кумыков сәтті нәтиже көрсетуде. Жаттығу барысындағы кәсібилігі, ойын кезіндегі ұтымды кеңесі команданы алға сүйреп келеді.

Өзге бапкерлер де жемісті еңбек етуде. Мәселен, жуырда клуб жанынан құрылған футбол орталығына Ресей мен Молдовадан бапкер алдырдық. Олар «Бавария», «Реал Мадрид» секілді әлемдік командалардан тәжірибе жинақтаған Олар балаларды жаттықтырып, өзге бапкерлермен тәжірибе алмасалы. Алдағы уақытта да негізгі басымдықты бапкерлер біліктілігін арттыруға беретін боламыз.

– Құрамадағы легионерлердің ойын өрнегіне көңіліңіз тола ма? Ел арасында құрамадағы легионерлер санын азайту керек

Басы 1-бетте

деген пікір бар. Сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бұрын «Қайсарда» 70 процентке дейін жергілікті ойыншылар еді. Қазір санаулы ғана ойыншы – сырбайлық. Өзге өңірден, өзге елден келген легионерлер қатары көбейген. Бұл – мәселе емес, әлемдік үрдіс. Жергілікті ойыншылардың пайыздық үлесін көбейту үшін жас буынды дайындау қажет. Осы мақсатта футбол орталығының жұмысын жандандырдық. 11 жас-тан бастап балаларды қабылдап, жаттығуды жүйелі жүргізуге күш салудамыз. Балалар сәтті нәтиже

Жалпы, мұндай футбол орталығы, академия міндетті түрде нәтиже береді. Әлемде мойындалған әдіс. Мысалы, осыдан 20 жыл бұрын Молдова елінде «Шериф» деген футбол академиясы ашылды. Онда біз секілді балаларды футболға баулу, жүйелі жаттығумен қамтамасыз ету жолға қойылған болатын. Қазір қарап отырсақ, «Шериф» академиясы әлемдік футбол кеңістігінде ойыншыларын сату арқылы қаржы тауып отыр. Біз де сол деңгейге көтерілуіміз қажет. Молдовадан бапкер ал-

айтып өткенімдей, оған қаржылық қиындық қол байлау.

– Сіздің пікіріңізше, бүгінгі спорттағы негізгі кемшілік қандай?

– Орынды сауал. Спорттағы негізгі кемшілік – басшылық құрамның біліктілігі мен өзіне бейтаныс бағытта жұмыс істеуі. Салдарынан салада тәжірибесі аз, бағытты болжап білмейтін басшылардың салдарынан сапа түседі. Біздегі көп сәтсіздіктің соңында осы дерек жатыр. Әркім білетін, жауапты ісін жүйелі жүргізсе, олқылық болмас еді.



көрсетсе, 3-4 жылда қызылордалықтардан құралған команда көреміз деген сенімдемін.

– Расында, соңғы уақытты футбол орталығындағы балалардың аяқ алысы жақсарды. Жүйелі жаттығу, тұрақты теориялық білім, жарыстарға қатысу көбейген. Мұндай нәтижеге қалай көл жеткіздіңіздер?

– Басшылыққа келген сәттен футбол орталығының жұмысын жүйелідей бастадым. Болашақ Сыр спортшыларын қалыптастыру мақсатында кәсіби көзқараспен кірістік. Бүгінде мұнда 600 бала жаттығады. Бәрін электронды жүйеде бақылаймыз. Жаттығуға қанша бала келгенін, қанша жаттығуды жіберіп алғанын біліп отырамыз. Бүгінде балалар республикалық жарыстардан олжалы оралуда.

дыруымыздың сыры да осында жатыр. Әрине бастысы пайда емес. «Қайсардың» атын шығаратын жас буынды әзірлесек мақсат орындалғаны. Сонда ғана сырттан ойыншы әкелуге шығындалмай, шетелдік спортшыларға тәуелділік азаяр еді. Оған қоса тұрақты резерв жасақтауға да таптырмас тәсіл.

– Жанкүйермен байланыс, фан-клуб жұмысын дамыту бағытында қандай жаңалық бар?

– «Қайсар» стадионға жанкүйер жинау көрсеткішінде 4-орында тұр. Әр ойында орташа есеппен 5 мың көрермен жиналады. Соңғы ойында – «Ордабасы» командасына қарсы кездесуде 7 мыңға жуық жанкүйер келді. Яғни, жергілікті жанкүйерлердің потенциалы жоғары. Әрине жанкүйерлерге арнайы киім әзірле, команданы түмен қамтамасыз ету ісі кенжелеп тұр. Жоғарыда

Мәселен, мен футболшы емесмін. Мен – спорт менеджерімін. Командаға қолайлы жағдай жасау, қажетті көмекпен қамтамасыз ету, тиісті талаптардың орындалуын бақылау назарымда. Ал жаттығу процесі, ойын барысындағы стратегиялық шешімге араласпаймын. Ол үшін арнайы мамандар бекітілген. Соң кәсіби қызметі аясында сәтті жұмыс істейді. Өз тарапынан әрбір маманның біліктілік арттыруын, тәжірибе алмасуын қадағалап отырамын.

Сондықтан өзін білемге салынып, барлық бағытта жеке пікірді таңу, бәрін сол бойынша жұмыс жүргізуге итермелеу қате. Ең тиімді жол – маманға сену, жағдай жасау –

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Е.ЯКУДАЕВ

Ауылдың кара домалақ баласы болған соң ұлттық құндылықтарға деген құлшыны өзгерте қарағанда тым бөлек. Оның ішінде еліміздің елілігін, адамның елілігін танытатын сан алуан ұлттық ойындар дегенде делебеміз қозады. Соның бірі – көкпар. Әсілінде, көкпар десе, арқасы қозбайтын казак кемде-кем. Ауылдығымен алысқан тұлпарға аяқ артып, атшабар алаңында көк серкені тақыдап, делебен қозып шапқанға не жетсін, шіркін. Қазак «Көкпар – батырдыкі, той – ақындыкі» деп бекер айтпаса керек.

Ғалымдардың ғылыми еңбектерінде текті жануар жылқының казак даласында алғаш қолға үйретілгендігі айтылады. Содан болар, ертеде батыр бабаларымыздың ең сенімді серігі ретінде талай сөйзүлік аңызға айналды. Өзімізге тән Алпамыстың – Байшұбары, Қобыландының – Тайбууры, Ер Тарғынның – Қарақасасы, Ақан серінің – Құлагері сынды тұлпарлар



Қазак барда көкпар ойыны ұмытылмайды

Әдебиетімізде тектен текке айтылмаса керек. Айта берсең, бұл жануардың тектілігі таусылмайды. Ішсе қымыз, жесе ет, мінесе көлік. Не деген текті жануар десеңізің.

Ұлттық ат спорты ойындарының бірі көкпардың машақаты көп. Қайнап жатқан қалың дола арасынан суырылып жеке дара шығу оңай шаруа емес. Көкпар аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайды. Оны мықты жылқы мен жігіттің серісі ойнайды. Ол әрбір жігіттің намысын жаниды.

Дәстүрлі казак қоғамында көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серке терісі жыртылмайды. Жаугершілік заманда көкпардың қыр сырын жетік билген батырлар соғыс алаңында ешкімге есе жібермеген. Уақытында «Гиганттың бір тартары» атанған, есімі облысымызға белгілі болған көкпаршы Серік Бекманов бізбен онгімесінде бұл жөнінде былайша ағынан жарылды.

– Бұл ойында жүріп аяқты да, қолды да сындырдык. Екі рет естен танып қалып, қалың доданың арасында ес жидым. Бірақ астындағы атым сүрініп кетіп құлағым болмаса, өздігінен ер үстінен ауған кезім жоқ. Жас күнімде көрші ауылдан да көп шабатын еді. Бірде Сыр өңірінде үлкен көкпар-той өтетін болды. Оған облыстың түкпір-түкпірінен атағынан ат үркетін небір шабандоздар келді. Мықты көкпаршылар тақымыман серкені жұлып алған емес. Қолыма серкенің сирағы іліссе, менің тақымыма басыла-тын. Жұрттың «Гиганттың бір тартары», «тақымы қатты» деп атап кеткені сондықтан шығар, – дейді ол.

Ағамыздың айтуынша, атты ерекше күтіммен баптайды. Жылқының күтімі дұрыс болмаса көкпарда бағын байланып, қолың жүрмейді.

Көкпаршы додаға осал ат мініп шаппайды. Өйткені, ат пен үстіндегі адамның екеуара үйлесімі болмаса еңбегің еш болады екен.

Расында, долада топ жару үшін көкпардың бабы келісу керек. Осыған тоқталайықшы, көкпаршы өзінің тақымындағы атын таза бидай беріп асырайды. Тунық сумен суарылған жасыл-жонышканын көгін ғана берді. Қысы-жазы жабулап ұстайды. Сыыр су ішкен ыдыспен ат суармайды. Ат жаздың 40 күн ішінде, қыстың сықырдаған аязында қолда жем шөпте тұрады дейді.

Ағамыз кәзір алпыстан асса да ауыл жастарына батасын беріп, өзі көкпардың үнемі басы-қасында жүреді. Әлі күнге дейін аттың үстінен түскен емес. Ал жастар жайы бір бөлек.

Осы тұста, кейінгі уақытта жасындай жаркылдап жүрген жас көкпаршы Бекжан Қараманның да пікірін білдік.

– Қазір ұлттық спортқа, өнерге деген көзқарас жанаша. Біз, жастар болып, оны дамытуды қолға алуымыз керек. Қазір біз, Қоғалық жастары көкпар ойынын дәстүрлі түрде ойнап келеміз. Ауыл жастарының мақсаты мен мүддесін бір арнаға тоғыстыру, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаудың бір тетігі бұл. Қазіргі таңда ауыл

жастарынан команда құрап, сыртта болатын додаларға қатысуға дайындалып жүрміз. Облыс бойынша ұлттық спортқа кеңінен көңіл бөлініп отыр. Біз қазір тек наурыз айында ғана емес, жыл он екі ай көкпар тартамыз. Жылқылардың жай-күйіне қарап, күн ысыған аптап ыстықтарда тоқтатамыз. Ал бірақ, басқа уақыттарда дәстүрлі үзіп аламуға тырысамыз. Алдыңғы толқын ағалардың қолдауымен алда да бұл бағытта көп іс атқару ойымызда бар, – дейді жас көкпаршы.

Рас, қазіргі таңда ұлттық ойын жиі-жиі ұйымдастырылып жүр. Үлкен астар мен жиын тойларда көкпар беру дәстүрі қалыптасты. Бұл ұлттық ойын елдің құршы қолды ұландарының күшін сынауға таптырмас сәт. Көкпар – мықтылар ойыны.

– Дола кезінде аттан құлап немесе атпен бірге жығылатын жағдайлар жиі кездеседі. Тіпті жаракат алатын кезің болады. Осының барлығына шыдауың қажет. Сондықтан кез келген біз қатарлы жастар көкпаршы болуға құлшына қоймайды. Оны өз ортамыздан да білеміз. Өйткені, додаға түсу үшін алдымен жарамды ат, екіншінен, жүректерің керек. Ал шеберлік бірте-бірте шыңдалады. Қазір бар күшіңді осы спортқа салып жатырмын, – дейді Бекжан.

Қош. Елішілік жарыстарды айтпағанда, елде Азия ашық біріншілігі өтіп тұрады. Бұл осы ауылды өнер өрісінің кеңейгенін аңдата керек. Қазір көкпар бәсекесіне төрткүл дүние көз тігіп отыр. Бағзы заманнан бері батыр бабалардан мирас болған асыл өнер бүгінде дамып жатыр. Көкпардың ер-тұрманы реттеліп, екі тізгін, бір шылбыры шын жанашыр азаматтардың қолына берілді.

Атадан аманат болған ойында насихаттап жанғыртып, ұрпаққа мирас ету бәрімізге парыз. Көкпарды өз деңгейінде насихаттай алсақ, қазіргідей адам естісе шошитын жігіттердің қатары азаяр еді. Сонымен бірге серкені тақымымен емес, тіл мен сөздің тартысына айналдырып, еншілеп алғысы келетіндер бар екендігі жанымызға батады. Қазір мал-жаны араласып көрші отырған аудан, ауыл тұрғындары айлап көкпар шабады. Қуантарлығы да – осы. Демек, жер бетінде казак барда ұлттық ойындар ұмытылмайды.

Көкен АҚТАН

Меншік несі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Т.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертифицирталған.
Алғашына 2 рет, сөйсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3100 Тапсырма №1302

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА